

**"Кеден органдары лауазымды адамдарының тауарларға кедендік тазартуды жасау қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 12 қазандағы № 1058 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 9 сәуірдегі № 434 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 тамыздағы № 685 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.08.2015 № 685 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Кеден органдары лауазымды адамдарының тауарларға кедендік тазартуды жасау қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 12 қазандағы № 1058 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2010 ж. , № 55, 531-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін: көрсетілген қаулымен бекітілген Кеден органдары лауазымды адамдарының тауарларға кедендік тазартуды жасау қағидасында: 16-тармақтың 11) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын: "11) Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасына сәйкес тауарларға арналған декларацияда мәлімделген келісімшарттың есептік нөмірін не мәміле паспортының нөмірін келісімшартта көрсетілген есептік нөмірмен не мәміле паспортының нөмірімен салыстыруды;"

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі*

*Қазақстан Республикасының  
К. Мәсімов*